1) Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар, олардың оқшауланған бөлімшелері туралы ақпаратты қамтитын статистикалық бизнес-тіркелім;

2) Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы өнімін өндіретін субъектілер жөнінде ақпаратты қамтитын ауыл шаруашылығы статистикалық тіркелімі;

3) Қазақстан Республикасының барлық меншік нысанындағы тұрғын үйлері туралы ақпаратты қамтитын тұрғын үй қорының статистикалық тіркелімі;

6) облыстың және оның қалаларының, аудандарының әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы ақпараттық статистикалық дерекқорлардың жинақталуын, жүргізілуін және жаңартылуын қамтамасыз ету;

7) мемлекеттік статистика саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

7-1) әкімшілік дереккөздерге қатысты мерзімдік тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларына енгізу үшін әкімшілік дереккөздердің жартыжылдық тізімдерін қалыптастыру;

8) алып тасталды – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 20.07.2023 № 126 бұйрығымен;

9) алып тасталды – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 19.02.2026 № 26 бұйрығымен;

10) құзыреті шегінде Ұлттық статистика бюросы ресми дереккөздерден алған деректерге мониторингті, талдау және салыстыруды жүзеге асыру;

11) алып тасталды – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 19.02.2026 № 26 бұйрығымен;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік статистика саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асыру;

13) өз құзыреті шеңберінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыратын органның (лауазымды адамның) әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдеріне шағымды қарау;

14) ұлттық санақтар жүргізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруды қамтамасыз ету;

15) пилоттық санақ жүргізуге қатысу;

16) санақ парақтарын әзірлеуге қатысу;

17) ұлттық санақтарды жүргізу;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ұлттық санақтарды жүргізу кезінде жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіру;

19) Ұлттық статистика бюросының ақпараттық-статистикалық жүйелерін, дерекқорларын және олардың платформаларын, статистикалық тіркелімдерді, интернет-ресурсын қалыптастыруды және жаңартып отыруды қамтамасыз етуге қатысу ;

20) ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде көзделмеген статистикалық және талдамалық ақпаратты қалыптастыруды қамтамасыз етуге қатысу;

21) ұлттық санақтарға дайындық және оны жүргізу жөніндегі бөлімдердің штат кестесін және құрылымын әзірлеуге қатысу;

21-1) ұлттық санақтарға дайындық және оны жүргізу жөніндегі бөлімнің ережесін және осы бөлімнің жұмыскерлерінің үлгілік лауазымдық нұсқаулықтарын бекіту;

22) статистикалық жарияланымдарды қалыптастыруды және статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес таратылуға жататын ресми статистикалық ақпаратты таратуды қамтамасыз ету;

23) ұлттық санақтарды жүргізу жөніндегі ұйымдастыру жоспарларын әзірлеу, бекіту және Ұлттық статистика бюросымен келісу;

24) өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасының заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің сақталуын қамтамасыз ету;

25) Ұлттық статистика бюросымен келісу бойынша Департаменттің мүлкін есептен шығару;

25-1) арыз иелері көтеретін жүйелі проблемаларға талдау жүргізу және оларды анықтау;

26) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының м.а. 03.03.2023 № 46; 20.07.2023 № 126; 15.08.2024 № 125; 26.11.2024 № 191; 10.02.2025 № 40; 19.02.2026 № 26 бұйрықтарымен.

### **3-тарау. Департамент басшысының мәртебесі, өкілеттіктері**

16. Департаментті басқаруды Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты басшы жүзеге асырады.

17. Департамент басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Департамент басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. Департамент басшысының өкілеттігі:

1) Департаментке жүктелген міндеттерге сәйкес оның қызметін ұйымдастырады және жалпы басшылық етуді жүзеге асырады;

2) Ұлттық статистика бюросына өз орынбасарларының өкілеттіктері бойынша ұсынысты бекіту үшін енгізеді;

3) Ұлттық статистика бюросы әзірлейтін құқықтық актілерге құзыреті шегінде ұсыныстар енгізеді;

4) еңбек қатынастары мәселелері жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға жатқызылған қызметкерлерді (жұмыскерлерді) қоспағанда, Департаменттің қызметкерлерін (жұмыскерлерін) лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

5) еңбек қатынастары мәселелері өзінің құзыретіне жатқызылған Департаменттің қызметкерлерін (жұмыскерлерін) іссапарға жіберу, демалыстар беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, үстемеақы төлеу мәселелерін шешеді;

6) өзін өңір шегінде іссапарға жіберу, ал өзінің орынбасарларын өңірдің шегінде және шегінен тыс жерге іссапарға жіберу мәселелерін шешеді;

7) еңбек қатынастары мәселелері өзінің құзыретіне жатқызылған Департаменттің қызметкерлеріне (жұмыскерлеріне) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тәртіптік жазалар қолданады және көтермелеу шараларын қабылдайды;

8) өз құзыретінің шегінде Департаменттің қызметкерлерінің (жұмыскерлерінің) орындауы үшін міндетті құқықтық актілер шығарады және нұсқаулар береді;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен қарым-қатынаста Департаменттің атынан өкілдік етеді;

10) Департаменттің құрылымдық бөлімшелерінің ережелерін және қызметкерлерінің (жұмыскерлерінің) лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

11) Департаментте сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған шаралар қабылдайды ;

12) Департаменттің ақпараттық-талдамалық, ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз етілуін ұйымдастырады;

13) Ұлттық статистика бюросына Департаменттің қызметкерлерін мемлекеттік және ведомстволық наградамен наградтау туралы ұсыныстар енгізеді;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Департамент басшысы болмаған кезде оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

20. Басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес белгілейді.

#### **4-тарау. Департаменттің мүлкі**

21. Департаменттің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін. Департаменттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Департаментке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, Департамент өзіне бекітіліп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5-тарау. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату**

24. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## **Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Алматы қаласы бойынша департаменті туралы ереже**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Алматы қаласы бойынша департаменті (бұдан әрі – Департамент) Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының (бұдан әрі – Ұлттық статистика бюросы) Департаменттің құзыреті шегінде мемлекеттік статистикалық қызмет мәселелері бойынша іске асыру функцияларын және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыратын аумақтық бөлімшесі болып табылады.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның өз атауы қазақ тілінде көрсетілген мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

5. Департамент заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілген болса, ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. Департамент өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Департамент құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Департаменттің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050008, Алмалы ауданы, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 125.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Алматы қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Департаментке кәсіпкерлік субъектілерімен Департаменттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қатынастар жасауға тыйым салынады.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кіріс мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2-тарау. Департаменттің мақсаттары, құқықтары мен міндеттері**

### **13. Мақсаттары:**

- 1) мемлекеттік статистика принциптерін сақтай отырып, статистикалық қызметті жүзеге асыру;
- 2) қоғамның, мемлекеттің және халықаралық қоғамдастықтың ресми статистикалық ақпаратқа деген сұранысын қанағаттандыру;
- 3) әкімшілік деректердің сапасын айқындау.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 26.11.2024 № 191 бұйрығымен.**

### **14. Құқықтары мен міндеттері:**

- 1) респонденттерден бастапқы статистикалық деректерді өтеусіз негізде алу;
- 2) құзыреті шегінде Департаменттің қызметіне қатысты мәселелер бойынша құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;
- 3) Департамент қызметінің негізгі бағыттары бойынша басқа мемлекеттік органдармен, ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;
- 4) сотқа жүгіну;
- 5) статистикалық тіркелімдерді өзектілендіру және тек қана статистикалық мақсатта (респонденттерді іздеу үшін) байланыс операторларынан респонденттердің байланыс деректерін құзыреті шегінде пайдалану;
- 6) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;
- 7) жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қабылдау және қарау;
- 8) респонденттерді бастапқы статистикалық деректерді электрондық түрде ұсынуға қажетті статистикалық нысандармен және (немесе) бағдарламалық қамтылыммен өтеусіз негізде қамтамасыз ету;
- 9) ресми статистикалық ақпаратты түзу және статистикалық тіркелімдерді жаңарту үшін әкімшілік деректерді, балама деректерді пайдалану;

9-1) ) әкімшілік дереккөздерге қатысты мемлекеттік бақылауды жүргізуге деректерді бақылаушыларды, сондай-ақ мемлекеттік органдардың және олардың ведомстволық бағынысты ұйымдарының өзге де мамандарын, консультанттарын және сарапшыларын тарту;

9-2) рұқсаттамалық және объектішілік режимнің белгіленген талаптарын сақтай отырып, әкімшілік дереккөздің аумағына және үй-жайларына кедергісіз кіру;

9-3) тексеру нәтижелеріне қоса тіркеу үшін әкімшілік деректерді, сондай-ақ қағаз және электрондық жеткізгіштердегі құжаттарды (мәліметтерді) не олардың көшірмелерін алу және қажет болған кезде оларды қашықтан бақылау жүргізуде пайдалану;

9-4) Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар және заңмен қорғалатын өзге де құпиялар туралы заңнамасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тексерудің нысанасына сәйкес автоматтандырылған дерекқорларға (ақпараттық жүйелерге) қолжетімділікті алу;

9-5) әкімшілік дереккөздерге қатысты мемлекеттік бақылауды жүргізу кезінде аудио-, фото- және бейнетүсірілімді жүзеге асыру;

9-6) әкімшілік дереккөздің "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-1-бабында көзделген міндеттемелерді орындаудан бас тарту фактілерін бейнетүсірілімге тіркеп белгілеу;

9-7) Қазақстан Республикасының заңнамасын, әкімшілік дереккөздердің құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау;

9-8) Заңның 12-1-бабында белгіленген тәртіп негізінде және оған қатаң сәйкестікте қашықтан бақылау және тексерулер жүргізу;

9-9) тексерулер жүргізу кезеңінде әкімшілік дереккөздің белгіленген жұмыс режиміне кедергі жасамау;

9-10) тексерулер жүргізу кезінде әкімшілік дереккөз басшысының немесе басшысы міндетін атқарушы адамның қатысуына, тексерулер нысанасына қатысты мәселелер бойынша түсіндірмелер беруіне кедергі жасамау;

9-11) әкімшілік дереккөзге тексерудің нысанасына жататын қажетті ақпаратты беру;

9-12) әкімшілік дереккөзге тексеру нәтижелері туралы қорытындыны немесе қашықтан бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы қорытындыны табыс ету;

9-13) қашықтан бақылау және тексеру жүргізу нәтижесінде алынған құжаттар мен мәліметтердің сақталуын және құпиялылығын қамтамасыз ету;

9-14) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес берілген Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптардың бұзылуының алдын алу, анықтау және жолын кесу жөніндегі өкілеттіктерді уақтылы және толық көлемде орындау;

10) алып тасталды - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 15.08.2024 № 125 бұйрығымен.

11) қағаз жеткізгіштердегі және электрондық түрдегі бастапқы статистикалық деректердің, әкімшілік деректердің және балама деректердің белгіленген мерзімдерде сақталуын қамтамасыз ету;

11-1) бастапқы статистикалық немесе әкімшілік немесе балама деректерді қамтитын қағаз жеткізгіштерді электрондық жеткізгіштерге міндетті түрде көшіруді қамтамасыз ету;

12) респонденттерден және үй шаруашылықтарынан қағаз жеткізгіштерде алынған бастапқы статистикалық деректерді тиісті ақпараттық жүйеге енгізуді жүзеге асыру;

13) статистикалық жұмыстар жоспарында көзделген көлемде ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес статистикалық жарияланымдарды қалыптастыруды және ресми статистикалық ақпаратты, сондай-ақ ұлттық санақ қорытындылары туралы ақпаратты таратуды қамтамасыз ету;

14) үй шаруашылықтарынан өтеулі және өтеусіз негізде олардың кірістері мен шығыстары туралы қажетті бастапқы статистикалық деректерді алу;

15) статистикалық ақпаратты түзу кезінде бастапқы статистикалық деректердің анықтығын растау үшін респонденттерден қосымша ақпаратты талап ету;

16) респонденттердің бастапқы статистикалық деректерді бұрмалауы анықталған кезде респонденттерден бастапқы статистикалық деректерді қамтитын статистикалық нысандарға түзетулер енгізуді талап ету;

17) Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсына статистикалық ақпарат пен статистикалық әдіснаманы орналастыру арқылы оларға пайдаланушылардың бір мезгілде қол жеткізуіне тең құқықтарды қамтамасыз ету;

18) статистикалық әдіснама өзгерген жағдайда және жаңартылған, құжатпен расталған ақпарат негізінде статистикалық мақсаттар үшін жарияланған ресми статистикалық ақпаратты қайта қарауды жүзеге асыру;

19) алып тасталды – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 20.07.2023 № 126 бұйрығымен;

20) алып тасталды – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 20.07.2023 № 126 бұйрығымен;

21) жалпымемлекеттік статистикалық байқаулар мен ұлттық санақтар өткізу кезінде адамдарды интервьюерлер ретінде тарту;

22) тиісті мемлекеттік органдармен, комиссиялармен, санақ персоналымен бірлесіп тұрғындар арасында ұлттық санақтар өткізудің мақсаттары мен тәртібі туралы жаппай түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

23) санақ персоналын іріктеуді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олармен ұлттық санақтарға қатысуға шарттар жасасуды жүзеге асыру;

24) санақ парақтарын сынақтан өткізу;

25) өз құзыретінің шегінде мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын, мемлекеттік статистика мәселелері бойынша олар қабылдаған актілердің күшін жою немесе өзгерту туралы ұсыныстар енгізу;

26) Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша заңды және жеке тұлғаларға консультациялық көмек көрсетуді ұйымдастыру;

27) мемлекеттік статистика мәселелері бойынша білімді насихаттау;

28) бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті қалыптастыру;

29) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерін дамыту, ұлттық санақтарды жүргізуге арналған оқыту бағдарламаларын дайындау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру, сондай-ақ санақ персоналына арналған оқыту семинарларын өткізуді ұйымдастыру;

30) Ұлттық статистика бюросымен келісу бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот шешімдеріне апелляциялық шағымдар беру;

31) Ұлттық статистика бюросымен келісу бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды күшіне енген сот актілерін даулау туралы өтінішхаттар беру ;

32) Ұлттық статистика бюросына Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін нормативтік құқықтық актілер туралы ақпаратты жіберу;

33) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

**Ескерту. 14-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 20.07.2023 № 126; 15.08.2024 № 125; 26.11.2024 № 191 бұйрықтарымен.**

15. Функциялары:

1) мемлекеттік статистика саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру бойынша ұсыныстарды тұжырымдау;

2) Ұлттық статистика бюросына статистикалық әдіснаманы қалыптастыру бойынша ұсыныстар енгізу;

3) жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 1 шілдесіне дейінгі мерзімде күнтізбелік үш жылға арналған статистикалық жұмыстар жоспарын, респонденттердің бастапқы статистикалық деректерді ұсыну графигін, әкімшілік деректерді ұсыну графигін және ресми статистикалық ақпаратты тарату графигін қалыптастыру кезінде Ұлттық статистика бюросына ұсыныстар енгізу;

4) статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес жалпымемлекеттік статистикалық байқауларды жүргізу, соның ішінде бағаларды тіркеу;

5) мынадай статистикалық тіркелімдерді өзектілендіру:

1) Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар, олардың оқшауланған бөлімшелері туралы ақпаратты қамтитын статистикалық бизнес-тіркелім;

- 2) Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы өнімін өндіретін субъектілер жөнінде ақпаратты қамтитын ауыл шаруашылығы статистикалық тіркелімі;
- 3) Қазақстан Республикасының барлық меншік нысанындағы тұрғын үйлері туралы ақпаратты қамтитын тұрғын үй қорының статистикалық тіркелімі;
- 6) облыстың және оның қалаларының, аудандарының әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы ақпараттық статистикалық дерекқорлардың жинақталуын, жүргізілуін және жаңартылуын қамтамасыз ету;
- 7) мемлекеттік статистика саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
  - 7-1) әкімшілік дереккөздерге қатысты мерзімдік тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларына енгізу үшін әкімшілік дереккөздердің жартыжылдық тізімдерін қалыптастыру;
- 8) баға тіркеуді жүргізу;
- 9) алып тасталды – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 19.02.2026 № 26 бұйрығымен;
- 10) құзыреті шегінде Ұлттық статистика бюросы ресми дереккөздерден алған деректерге мониторингті, талдау және салыстыруды жүзеге асыру;
- 11) алып тасталды – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 19.02.2026 № 26 бұйрығымен;
- 12) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік статистика саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асыру;
- 13) өз құзыреті шеңберінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыратын органның (лауазымды адамның) әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдеріне шағымды қарау;
- 14) ұлттық санақтар жүргізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруды қамтамасыз ету;
- 15) пилоттық санақ жүргізуге қатысу;
- 16) санақ парақтарын әзірлеуге қатысу;
- 17) ұлттық санақтарды жүргізу;
- 18) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ұлттық санақтарды жүргізу кезінде жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіру;
- 19) Ұлттық статистика бюросының ақпараттық-статистикалық жүйелерін, дерекқорларын және олардың платформаларын, статистикалық тіркелімдерді, интернет-ресурсын қалыптастыруды және жаңартып отыруды қамтамасыз етуге қатысу ;
- 20) ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде көзделмеген статистикалық және талдамалық ақпаратты қалыптастыруды қамтамасыз етуге қатысу;

21) ұлттық санақтарға дайындық және оны жүргізу жөніндегі бөлімдердің штат кестесін және құрылымын әзірлеуге қатысу;

21-1) ұлттық санақтарға дайындық және оны жүргізу жөніндегі бөлімнің ережесін және осы бөлімнің жұмыскерлерінің үлгілік лауазымдық нұсқаулықтарын бекіту;

22) статистикалық жарияланымдарды қалыптастыруды және статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес таратылуға жататын ресми статистикалық ақпаратты таратуды қамтамасыз ету;

23) ұлттық санақтарды жүргізу жөніндегі ұйымдастыру жоспарларын әзірлеу, бекіту және Ұлттық статистика бюросымен келісу;

24) өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасының заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің сақталуын қамтамасыз ету;

25) Ұлттық статистика бюросымен келісу бойынша Департаменттің мүлкін есептен шығару;

25-1) арыз иелері көтеретін жүйелі проблемаларға талдау жүргізу және оларды анықтау;

26) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

**Ескерту. 15-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының м.а. 03.03.2023 № 46; 20.07.2023 № 126; 15.08.2024 № 125; 26.11.2024 № 191; 10.02.2025 № 40; 19.02.2026 № 26 бұйрықтарымен.**

### **3-тарау. Департамент басшысының мәртебесі, өкілеттіктері**

16. Департаментті басқаруды Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты басшы жүзеге асырады.

17. Департамент басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Департамент басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. Департамент басшысының өкілеттігі:

1) Департаментке жүктелген міндеттерге сәйкес оның қызметін ұйымдастырады және жалпы басшылық етуді жүзеге асырады;

2) Ұлттық статистика бюросына өз орынбасарларының өкілеттіктері бойынша ұсынысты бекіту үшін енгізеді;

3) Ұлттық статистика бюросы әзірлейтін құқықтық актілерге құзыреті шегінде ұсыныстар енгізеді;

4) еңбек қатынастары мәселелері жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға жатқызылған қызметкерлерді (жұмыскерлерді) қоспағанда,

Департаменттің қызметкерлерін (жұмыскерлерін) лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

5) еңбек қатынастары мәселелері өзінің құзыретіне жатқызылған Департаменттің қызметкерлерін (жұмыскерлерін) іссапарға жіберу, демалыстар беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, үстемеақы төлеу мәселелерін шешеді;

6) өзін өңір шегінде іссапарға жіберу, ал өзінің орынбасарларын өңірдің шегінде және шегінен тыс жерге іссапарға жіберу мәселелерін шешеді;

7) еңбек қатынастары мәселелері өзінің құзыретіне жатқызылған Департаменттің қызметкерлеріне (жұмыскерлеріне) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тәртіптік жазалар қолданады және көтермелеу шараларын қабылдайды;

8) өз құзыретінің шегінде Департаменттің қызметкерлерінің (жұмыскерлерінің) орындауы үшін міндетті құқықтық актілер шығарады және нұсқаулар береді;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен қарым-қатынаста Департаменттің атынан өкілдік етеді;

10) Департаменттің құрылымдық бөлімшелерінің ережелерін және қызметкерлерінің (жұмыскерлерінің) лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

11) Департаментте сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған шаралар қабылдайды ;

12) Департаменттің ақпараттық-талдамалық, ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз етілуін ұйымдастырады;

13) Ұлттық статистика бюросына Департаменттің қызметкерлерін мемлекеттік және ведомстволық наградамен наградтау туралы ұсыныстар енгізеді;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Департамент басшысы болмаған кезде оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

20. Басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес белгілейді.

#### **4-тарау. Департаменттің мүлкі**

21. Департаменттің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін. Департаменттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Департаментке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, Департамент өзіне бекітіліп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## **5-тарау. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату**

24. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау және  
реформалар агенттігінің Ұлттық  
статистика бюросы басшысының  
2022 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_ бұйрығына  
20-қосымша

## **Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Шымкент қаласы бойынша департаменті туралы ереже**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Шымкент қаласы бойынша департаменті (бұдан әрі – Департамент) Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының (бұдан әрі – Ұлттық статистика бюросы) Департаменттің құзыреті шегінде мемлекеттік статистикалық қызмет мәселелері бойынша іске асыру функцияларын және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыратын аумақтық бөлімшесі болып табылады.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның өз атауы қазақ тілінде көрсетілген мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

5. Департамент заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілген болса, ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. Департамент өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан

Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Департамент құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Департаменттің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 160012, Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданы, Желтоқсан көшесі, 30А.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Шымкент қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Департаментке кәсіпкерлік субъектілерімен Департаменттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қатынастар жасауға тыйым салынады.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кіріс мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2-тарау. Департаменттің мақсаттары, құқықтары мен міндеттері**

13. Мақсаттары:

- 1) мемлекеттік статистика принциптерін сақтай отырып, статистикалық қызметті жүзеге асыру;
- 2) қоғамның, мемлекеттің және халықаралық қоғамдастықтың ресми статистикалық ақпаратқа деген сұранысын қанағаттандыру;
- 3) әкімшілік деректердің сапасын айқындау.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 26.11.2024 № 191 бұйрығымен.**

14. Құқықтары мен міндеттері:

- 1) респонденттерден бастапқы статистикалық деректерді өтеусіз негізде алу;
- 2) құзыреті шегінде Департаменттің қызметіне қатысты мәселелер бойынша құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;
- 3) Департамент қызметінің негізгі бағыттары бойынша басқа мемлекеттік органдармен, ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;
- 4) сотқа жүгіну;
- 5) статистикалық тіркелімдерді өзектілендіру және тек қана статистикалық мақсатта (респонденттерді іздеу үшін) байланыс операторларынан респонденттердің байланыс деректерін құзыреті шегінде пайдалану;

6) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

7) жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қабылдау және қарау;

8) респонденттерді бастапқы статистикалық деректерді электрондық түрде ұсынуға қажетті статистикалық нысандармен және (немесе) бағдарламалық қамтылыммен өтеусіз негізде қамтамасыз ету;

9) ресми статистикалық ақпаратты түзу және статистикалық тіркелімдерді жаңарту үшін әкімшілік деректерді, балама деректерді пайдалану;

9-1) ) әкімшілік дереккөздерге қатысты мемлекеттік бақылауды жүргізуге деректерді бақылаушыларды, сондай-ақ мемлекеттік органдардың және олардың ведомстволық бағынысты ұйымдарының өзге де мамандарын, консультанттарын және сарапшыларын тарту;

9-2) рұқсаттамалық және объектішілік режимнің белгіленген талаптарын сақтай отырып, әкімшілік дереккөздің аумағына және үй-жайларына кедергісіз кіру;

9-3) тексеру нәтижелеріне қоса тіркеу үшін әкімшілік деректерді, сондай-ақ қағаз және электрондық жеткізгіштердегі құжаттарды (мәліметтерді) не олардың көшірмелерін алу және қажет болған кезде оларды қашықтан бақылау жүргізуде пайдалану;

9-4) Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар және заңмен қорғалатын өзге де құпиялар туралы заңнамасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тексерудің нысанасына сәйкес автоматтандырылған дерекқорларға (ақпараттық жүйелерге) қолжетімділікті алу;

9-5) әкімшілік дереккөздерге қатысты мемлекеттік бақылауды жүргізу кезінде аудио-, фото- және бейнетүсірілімді жүзеге асыру;

9-6) әкімшілік дереккөздің "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-1-бабында көзделген міндеттемелерді орындаудан бас тарту фактілерін бейнетүсірілімге тіркеп белгілеу;

9-7) Қазақстан Республикасының заңнамасын, әкімшілік дереккөздердің құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау;

9-8) Заңның 12-1-бабында белгіленген тәртіп негізінде және оған қатаң сәйкестікте қашықтан бақылау және тексерулер жүргізу;

9-9) тексерулер жүргізу кезеңінде әкімшілік дереккөздің белгіленген жұмыс режиміне кедергі жасамау;

9-10) тексерулер жүргізу кезінде әкімшілік дереккөз басшысының немесе басшысы міндетін атқарушы адамның қатысуына, тексерулер нысанасына қатысты мәселелер бойынша түсіндірмелер беруіне кедергі жасамау;

9-11) әкімшілік дереккөзге тексерудің нысанасына жататын қажетті ақпаратты беру;

9-12) әкімшілік дереккөзге тексеру нәтижелері туралы қорытындыны немесе қашықтан бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы қорытындыны табыс ету;

9-13) қашықтан бақылау және тексеру жүргізу нәтижесінде алынған құжаттар мен мәліметтердің сақталуын және құпиялылығын қамтамасыз ету;

9-14) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес берілген Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптардың бұзылуының алдын алу, анықтау және жолын кесу жөніндегі өкілеттіктерді уақтылы және толық көлемде орындау;

**10) алып тасталды - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 15.08.2024 № 125 бұйрығымен.**

11) қағаз жеткізгіштердегі және электрондық түрдегі бастапқы статистикалық деректердің, әкімшілік деректердің және балама деректердің белгіленген мерзімдерде сақталуын қамтамасыз ету;

11-1) бастапқы статистикалық немесе әкімшілік немесе балама деректерді қамтитын қағаз жеткізгіштерді электрондық жеткізгіштерге міндетті түрде көшіруді қамтамасыз ету;

12) респонденттерден және үй шаруашылықтарынан қағаз жеткізгіштерде алынған бастапқы статистикалық деректерді тиісті ақпараттық жүйеге енгізуді жүзеге асыру;

13) статистикалық жұмыстар жоспарында көзделген көлемде ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес статистикалық жарияланымдарды қалыптастыруды және ресми статистикалық ақпаратты, сондай-ақ ұлттық санақ қорытындылары туралы ақпаратты таратуды қамтамасыз ету;

14) үй шаруашылықтарынан өтеулі және өтеусіз негізде олардың кірістері мен шығыстары туралы қажетті бастапқы статистикалық деректерді алу;

15) статистикалық ақпаратты түзу кезінде бастапқы статистикалық деректердің анықтығын растау үшін респонденттерден қосымша ақпаратты талап ету;

16) респонденттердің бастапқы статистикалық деректерді бұрмалауы анықталған кезде респонденттерден бастапқы статистикалық деректерді қамтитын статистикалық нысандарға түзетулер енгізуді талап ету;

17) Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсына статистикалық ақпарат пен статистикалық әдіснаманы орналастыру арқылы оларға пайдаланушылардың бір мезгілде қол жеткізуіне тең құқықтарды қамтамасыз ету;

18) статистикалық әдіснама өзгерген жағдайда және жаңартылған, құжатпен расталған ақпарат негізінде статистикалық мақсаттар үшін жарияланған ресми статистикалық ақпаратты қайта қарауды жүзеге асыру;

**19) алып тасталды – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 20.07.2023 № 126 бұйрығымен;**

20) алып тасталды – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі  
Ұлттық статистика бюросы Басшысының 20.07.2023 № 126 бұйрығымен;

21) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулар мен ұлттық санақтар өткізу кезінде адамдарды интервьюерлер ретінде тарту;

22) тиісті мемлекеттік органдармен, комиссиялармен, санақ персоналымен бірлесіп тұрғындар арасында ұлттық санақтар өткізудің мақсаттары мен тәртібі туралы жаппай түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

23) санақ персоналын іріктеуді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олармен ұлттық санақтарға қатысуға шарттар жасасуды жүзеге асыру;

24) санақ парақтарын сынақтан өткізу;

25) өз құзыретінің шегінде мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын, мемлекеттік статистика мәселелері бойынша олар қабылдаған актілердің күшін жою немесе өзгерту туралы ұсыныстар енгізу;

26) Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша заңды және жеке тұлғаларға консультациялық көмек көрсетуді ұйымдастыру;

27) мемлекеттік статистика мәселелері бойынша білімді насихаттау;

28) бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті қалыптастыру;

29) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерін дамыту, ұлттық санақтарды жүргізуге арналған оқыту бағдарламаларын дайындау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру, сондай-ақ санақ персоналына арналған оқыту семинарларын өткізуді ұйымдастыру;

30) Ұлттық статистика бюросымен келісу бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот шешімдеріне апелляциялық шағымдар беру;

31) Ұлттық статистика бюросымен келісу бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды күшіне енген сот актілерін даулау туралы өтінішхаттар беру ;

32) Ұлттық статистика бюросына Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін нормативтік құқықтық актілер туралы ақпаратты жіберу;

33) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 20.07.2023 № 126; 15.08.2024 № 125; 26.11.2024 № 191 бұйрықтарымен.

15. Функциялары:

1) мемлекеттік статистика саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру бойынша ұсыныстарды тұжырымдау;

2) Ұлттық статистика бюросына статистикалық әдіснаманы қалыптастыру бойынша ұсыныстар енгізу;

3) жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 1 шілдесіне дейінгі мерзімде күнтізбелік үш жылға арналған статистикалық жұмыстар жоспарын, респонденттердің бастапқы статистикалық деректерді ұсыну графигін, әкімшілік деректерді ұсыну графигін және ресми статистикалық ақпаратты тарату графигін қалыптастыру кезінде Ұлттық статистика бюросына ұсыныстар енгізу;

4) статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес жалпымемлекеттік статистикалық байқауларды жүргізу, соның ішінде бағаларды тіркеу;

5) мынадай статистикалық тіркелімдерді өзектілендіру:

1) Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар, олардың оқшауланған бөлімшелері туралы ақпаратты қамтитын статистикалық бизнес-тіркелім;

2) Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы өнімін өндіретін субъектілер жөнінде ақпаратты қамтитын ауыл шаруашылығы статистикалық тіркелімі;

3) Қазақстан Республикасының барлық меншік нысанындағы тұрғын үйлері туралы ақпаратты қамтитын тұрғын үй қорының статистикалық тіркелімі;

6) облыстың және оның қалаларының, аудандарының әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы ақпараттық статистикалық дерекқорлардың жинақталуын, жүргізілуін және жаңартылуын қамтамасыз ету;

7) мемлекеттік статистика саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

7-1) әкімшілік дереккөздерге қатысты мерзімдік тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларына енгізу үшін әкімшілік дереккөздердің жартыжылдық тізімдерін қалыптастыру;

8) алып тасталды – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 20.07.2023 № 126 бұйрығымен;

9) алып тасталды – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 19.02.2026 № 26 бұйрығымен;

10) құзыреті шегінде Ұлттық статистика бюросы ресми дереккөздерден алған деректерге мониторингті, талдау және салыстыруды жүзеге асыру;

11) алып тасталды – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 19.02.2026 № 26 бұйрығымен;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік статистика саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асыру;

13) өз құзыреті шеңберінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыратын органның (лауазымды адамның) әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдеріне шағымды қарау;

14) ұлттық санақтар жүргізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруды қамтамасыз ету;

- 15) пилоттық санақ жүргізуге қатысу;
- 16) санақ парақтарын әзірлеуге қатысу;
- 17) ұлттық санақтарды жүргізу;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ұлттық санақтарды жүргізу кезінде жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіру;

19) Ұлттық статистика бюросының ақпараттық-статистикалық жүйелерін, дерекқорларын және олардың платформаларын, статистикалық тіркелімдерді, интернет-ресурсын қалыптастыруды және жаңартып отыруды қамтамасыз етуге қатысу ;

20) ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде көзделмеген статистикалық және талдамалық ақпаратты қалыптастыруды қамтамасыз етуге қатысу;

21) ұлттық санақтарға дайындық және оны жүргізу жөніндегі бөлімдердің штат кестесін және құрылымын әзірлеуге қатысу;

21-1) ұлттық санақтарға дайындық және оны жүргізу жөніндегі бөлімнің ережесін және осы бөлімнің жұмыскерлерінің үлгілік лауазымдық нұсқаулықтарын бекіту;

22) статистикалық жарияланымдарды қалыптастыруды және статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес таратылуға жататын ресми статистикалық ақпаратты таратуды қамтамасыз ету;

23) ұлттық санақтарды жүргізу жөніндегі ұйымдастыру жоспарларын әзірлеу, бекіту және Ұлттық статистика бюросымен келісу;

24) өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасының заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің сақталуын қамтамасыз ету;

25) Ұлттық статистика бюросымен келісу бойынша Департаменттің мүлкін есептен шығару;

25-1) арыз иелері көтеретін жүйелі проблемаларға талдау жүргізу және оларды анықтау;

26) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

**Ескерту. 15-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының м.а. 03.03.2023 № 46; 20.07.2023 № 126; 15.08.2024 № 125; 26.11.2024 № 191; 10.02.2025 № 40; 19.02.2026 № 26 бұйрықтарымен.**

### **3-тарау. Департамент басшысының мәртебесі, өкілеттіктері**

16. Департаментті басқаруды Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты басшы жүзеге асырады.

17. Департамент басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Департамент басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. Департамент басшысының өкілеттігі:

1) Департаментке жүктелген міндеттерге сәйкес оның қызметін ұйымдастырады және жалпы басшылық етуді жүзеге асырады;

2) Ұлттық статистика бюросына өз орынбасарларының өкілеттіктері бойынша ұсынысты бекіту үшін енгізеді;

3) Ұлттық статистика бюросы әзірлейтін құқықтық актілерге құзыреті шегінде ұсыныстар енгізеді;

4) еңбек қатынастары мәселелері жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға жатқызылған қызметкерлерді (жұмыскерлерді) қоспағанда, Департаменттің қызметкерлерін (жұмыскерлерін) лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

5) еңбек қатынастары мәселелері өзінің құзыретіне жатқызылған Департаменттің қызметкерлерін (жұмыскерлерін) іссапарға жіберу, демалыстар беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, үстемеақы төлеу мәселелерін шешеді;

6) өзін өңір шегінде іссапарға жіберу, ал өзінің орынбасарларын өңірдің шегінде және шегінен тыс жерге іссапарға жіберу мәселелерін шешеді;

7) еңбек қатынастары мәселелері өзінің құзыретіне жатқызылған Департаменттің қызметкерлеріне (жұмыскерлеріне) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тәртіптік жазалар қолданады және көтермелеу шараларын қабылдайды;

8) өз құзыретінің шегінде Департаменттің қызметкерлерінің (жұмыскерлерінің) орындауы үшін міндетті құқықтық актілер шығарады және нұсқаулар береді;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен қарым-қатынаста Департаменттің атынан өкілдік етеді;

10) Департаменттің құрылымдық бөлімшелерінің ережелерін және қызметкерлерінің (жұмыскерлерінің) лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

11) Департаментте сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған шаралар қабылдайды ;

12) Департаменттің ақпараттық-талдамалық, ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз етілуін ұйымдастырады;

13) Ұлттық статистика бюросына Департаменттің қызметкерлерін мемлекеттік және ведомстволық наградамен наградтау туралы ұсыныстар енгізеді;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Департамент басшысы болмаған кезде оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

20. Басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес белгілейді.

#### **4-тарау. Департаменттің мүлкі**

21. Департаменттің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін. Департаменттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Департаментке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, Департамент өзіне бекітіліп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5-тарау. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату**

24. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.